

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ АТАУЫ

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Теориялық білімін практикамен ұштастыра алатын, этикалық дағдылары мен іскерлік қасиеттерге ие қызмет көрсету саласының бакалаврын даярлау

1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

Бағдары:

Тез өзгеретін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

Миссиясы:

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

Бағдарламалық мақсаты:

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуы мақсат етеді.

Құндылықтары:

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

Университет түлегінің атрибуттары:

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгеретін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Өр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білесін тұлға

1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Білім беру бағдарламасының өзектілігі. Жан-жақты білімді, білікті, бәсекеге қабілетті, қызмет көрсету саласында іргелі білімі бар, зерттеу қызметінің кәсіби дағдыларын дамытуға және іске асыруға қабілетті кадрларды даярлау, туризм саласындағы кәсіпорындардың (мекемелердің) қызметін ұйымдастырудың қазіргі заманғы әдістері мен технологияларын іс жүзінде қолдануға бағытталған жобаларды орындау, білім алушы тұрақты кәсіби өзін-өзі жетілдіруге бағытталған кәсіби қызметті ұйымдастыруға баса назар аудару болып табылады.

Қазақстанда туристік бағдарланған көптеген білім беру бағдарламаларының болғандығына қарамастан, қазіргі уақытқа дейін тәжірибеге бағытталған, туристік саланың кәсіпқойларының жеке санаттарын, мысалы, экскурсия жетекшілерін, гидтерді, ойын-сауық бағдарламаларының аниматорларын кәсіби даярлауға, туристік қызметтердің заманауи нарығының қажеттілігін ескеретін кәсіби талаптарды анықтау өзекті болып отыр.

Нарықтың сұранысы. Әлемдік жиынтық өнімнің шамамен 10 %-ы, әлемдік көрсетілетін қызметтер экспортының 30 %-ы, әлемдік инвестициялардың 7 %-ы, жұмыс орындарының 10 %-ы және барлық салық түсімдерінің 5 %-ы туризм саласына тиесілі. Бір шетел турисінен түсетін табысқа баламалы кіріс үшін әлемдік нарыққа шамамен 9 тонна тас көмір, немесе 15 тонна мұнай, немесе 2 тонна жоғары сұрыпты бидай шығару керек. Бұл ретте шикізат сату елдің энергия жеткізгіштерін сарқиды, ал туризм ресурстарды жаңғыртады. Елге келетін әрбір турист әрбір сағат сайын шамамен 20 доллар жұмсайды, 30 турист 1 жұмыс орнын береді. БҰҰ Бүкіләлемдік туристік ұйымының (бұдан әрі – UNWTO) бағалауы бойынша 2030 жылға қарай танымал қалалардағы әйгілі курорттарға және тарих пен мәдениет ескерткіштеріне шамамен 1,8 млрд. адам барады деп күтілуде, қонақүй-туристік көрсетілетін қызметтерден түсетін табыс шамамен 2 трлн. АҚШ долл. құрайтын болады, туризм саласында 550 млн. жұмыс орындары ашылады. Қазақстанның ТОП-10 енген ең перспективалы туристік бағыттары туризмді дамытудың басты бағыттары ретінде анықталды, олардың әрбіреуі өз ерекшелігіне, өзіне тән өніміне және әлеуетіне ие.

Аңшылық туризмнің құрылған инфрақұрылымы жергілікті халықты жабайы табиғатты сақтауға қосымша көтермелей отырып, осы аумақтарда экологиялық туризмді дамытуға мүмкіндік береді.

Экологиялық туризм. Көптеген елдерде экологиялық туризмді дамытуға барған сайын баса назар аударылуда. Соңғы бес жылда шетелдік туристер тарапынан Қазақстанның рекреациялық ресурстарына деген қызығушылықтың едәуір артқанын байқауға болады. Айталық, рекреациялық қызметтерді көрсету көлемінде кіру туризмінің үлесі айтарлықтай өсті.

Этнографиялық туризм. Қазақстан – тарихи және мәдени мұрасы бай ел. Еуразия орталығында орналасқан Қазақстан әлемнің ежелгі өркениеттері тоғысқан торапта, Батыс пен Шығыс, Оңтүстік пен Солтүстік арасындағы көліктік, әлеуметтік және экономикалық, мәдени және идеологиялық қиылыста тұр. Қазақстан даласы арқылы Ұлы Жібек жолы өтті. Тарихтың әртүрлі кезеңдерінде қазіргі Қазақстан аумағында өзіндік мәдени тарихы бар мемлекеттер пайда болып дамыған. Көптеген тарих және мәдениет ескерткіштері, географиялық көрнекі орындар сол дәуірдің мұрасы болып табылады.

Сауықтыру туризмін дамыту үшін Қазақстан аумағында алуан түрлі туристік-рекреациялық ресурстар бар. Қазақстанда 20 курорттық аймақ тіркелген және жұмыс істейді, олардың негізгі бөлігіне (10-нан астамы) барлау жасалған және зерделеген табиғи емдік факторларға ие әрі бальнеологиялық, балшықпен емдейтін, климаттық курорттар болып табылады. 500-ден астам емдік минералды су көздері, 78 балшық көлі, 50 климаттық жерлер сияқты табиғи емдік факторлары бар курорттық аймақтар Қазақстанда рекреациялық-сауықтыру туризмін дамытуға мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламасының құрастырылуы қызмет көрсету саласы мамандығын бітірушілерді жоғарыда көрсетілген еңбек нарығының экономикалық сұраныстарына сәйкес ұйымдық-басқарушылық, өндірістік-техникалық міндеттер мен мәселелерді шешуге қабілетті, туризм саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі стратегиялық бағыты мен туристік саладағы кәсіптік қызмет түрлері бойынша қажетті әрекеттерді орындай алатын менеджер - маман дайындау болып табылады.

Қазіргі уақытта, Қазақстанда туризм индустриясы үшін кадрларды даярлау 61 ЖОО-да жүзеге асырылады және жыл сайын 3500 маман шығарылады.

Білім беру бағдарламасы жұмыс берушінің талаптары мен еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген. Туристік қызмет саласының мамандарын дайындауда туризм географиясы мен нарығын оқып - үйренуге ерекше көңіл аударылады, сондай-ақ шешендік және тартымды әңгімелеуге де ден қойылады, клиентке оның болашақ сапары, ол жердің табиғаты, мәдениеті, климат жағдайы, демалыс орнының басқа да

ерекшеліктері туралы әспеттеп суреттеу ерекше мәнге ие. Қонақ үй саласының сервисі үшін басқару саласының бірқатар пәндері: менеджмент, маркетинг, басқару психологиясы пәндерінің орны ерекше.

1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	
Қосдипломды бағдарлама	
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	(Minor) Туристік бизнес кәсіпкері

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі

Arden university (Ковентри, Ұлыбритания) - 15 %

South Australia university (Adelaide, Австарлия) - 10 %

Flinders university (Adelaide, Австарлия) - 10 %

NARXOZ university (Алматы, Қазақстан) - 5%

1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

6В11101-Туризм білім беру бағдарламасы бойынша қызмет көрсету саласының бакалаврлары келесі кәсіби қызмет түрлерін атқара алады:

білім беру (педагогикалық):

- жалпы білім беру ұйымдарында білім беру (колледж, ЖОО және т.б.);
- оқу-тәрбиелік, оқу-технологиялық;

ғылыми-зерттеушілік:

- эксперименттік-зерттеушілік;
- туристік-рекреациялық;
- сервистік-эксплуатациялық;
- профилактикалық және іздеу-құтқару;
- туристік экскурсиялық мекемелер нұсқаушысы;

өндірістік-технологиялық:

- туристік кәсіпорындардың маркетингтік қызметкер-маманы;
- туристік саладағы компанияларда туроператор;

ұйымдастыру-басқару:

- туристік бизнес саласындағы мемлекеттік басқару ұйымдарындағы қызметкер;
- туризм саласындағы мемлекеттік және жеке-меншік компанияларды басқаратын менеджер;
- туристік кешендердің басшысы басшысы, менеджері т.б. (қонақ үй ісі, ресторан ісі, туристерге көлік қызметін көрсету және т.б.);

ақпараттық-коммуникативті:

- ішкі және сыртқы нарыққа туристік қызметті ұсынудағы жарнамалық агенттіктерде туроператор;
- туризмнің әр түрлі инфрақұрылымдарының салаларында менеджер-маман.

1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

1 кәсіби құзыреттіліктер саласы:

Әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі ережелері мен әдістерін әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуде қолданады, әлеуметтік маңызды мәселелер мен процестерді талдай алады; ойлау мәдениеті қалыптасқан, ақпаратты жалпылауға, талдауға, қабылдауға, мақсат қоюға және оған жету жолдарын таңдауға қабілетті; ауызша және жазбаша сөйлеуді логикалық тұрғыдан дұрыс, дәлелді және анық құра алады; стандартты емес жағдайларда ұйымдастырушылық және басқару шешімдерін табуға қабілетті және олар үшін жауап беруге дайын.

2 кәсіби құзыреттіліктер саласы:

Мақсаттар мен міндеттер қоюға және қатысушы болуға, стратегияларды әзірлеуге, ресурстар мен іс-қимылдарды жоспарлауға, клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін ұйымның мақсаттарына қол жеткізуге білімі жетеді; тактикалық міндеттер қоюға, өкілеттіктерді бөлуге, олардың орындалуын бақылауға қабілетті; сервисті қамтамасыз етуге қабілетті; нарықта көрсетілетін қызметтерді орналастыруға ықпал ететін маркетингтік коммуникацияларды ұйымдастыруға қабілетті; тактикалық міндеттерді қоюға, өкілеттіктерді бөлуге, олардың орындалуын бақылауға қабілетті; өзін-өзі басқару (жұмыс уақытын бөлу, өкілеттіктерді беру, өзінің психологиялық ресурстарын басқару); құқықтық сауаттылықты және өзінің кәсіби қызметінің құқықтық өрісін түсінуді меңгереді.

3 кәсіби құзыреттіліктер саласы:

Инновациялық қызметті пайдаланудағы белсенділік; ұжымды және ондағы үйлесімді атмосфераны құру қабілеті; қызметкерлердің мүмкіндіктерін дұрыс орналастыру арқылы барынша толық пайдалану; тапсырманы, мақсаттар мен көзқарастарды нақты тұжырымдай білу; құзыреттілік пен шеберлік; еркін шығармашылық ойлауды дамыту; адамдармен тез байланыс орната білу; жанашырлық, адамдардың көңіл-күйін түсіру, олардың көзқарастарын анықтау қабілеті және күту; психоанализге қабілеттілік, яғни өзін-өзі бақылау, өзін-өзі сынау, өз іс-әрекеттерін өзін-өзі бағалау; стресске төзімділік; шешендік өнер.

1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН 1- Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.

ОН 2- Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.

ОН 3- Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.

ОН 4 - Туристік бизнестің түрлі салаларында туристік қызмет көрсету үшін маркетингтік зерттеу әдістерін меңгереді.

ОН 5 - Кәсіби қызметтің түрлі деңгейлеріндегі стандарттардың талаптарына сәйкес туристік қызмет көрсетуді жоғары деңгейде ұйымдастырады.

ОН 6 - Туризм саласындағы халықаралық және отандық нормативтік - құқықтық құжаттарды ескере отырып, кәсіби қызметті жоғары деңгейде жүзеге асырады.

ОН 7 - Ұлттық және шетелдік тәжірибені есепке алу негізінде туристік бизнес жоспарларын және туризмді дамыту перспективаларын әзірлейді.

ОН 8 - Туризмдегі кәсіпкерлікті ұйымдастыру, жаңа туристік маршруттар құру және саланы кластерлік дамыту технологияларын меңгереді.

ОН 9 - Туристік саланың қазіргі даму жағдайында сараптамалық талдау, бағалау және кеңес беруді кәсіби түрде жүргізеді.

ОН 10 - Әлемдік экономикадағы қазіргі заманғы үрдістерді ескере отырып, табиғатты ұтымды пайдалану, қоршаған ортаны қорғау және туризмнің экстремалды түрлері бойынша туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастырады.

ОН 11 - Кәсіби қызметте туристік әлеуетті, нарықтық конъюнктураны, туристік қызметтің тиімділігін бағалайды.

ОН 12 - Қазіргі заманғы туристік сервистермен жұмыс істеу барысында және кәсіби міндеттер мен проблемаларды шешу кезінде дербес шешімдер қабылдайды.

БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12
ТА1		+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
ТА 2	+								+	+	+	+
ТА 3	+					+	+			+		
ТА 4	+								+			+
ТА 5		+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
ТА 6	+		+					+				

1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

1) «Туризм» кәсіби стандарты «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының 2017 жылғы 17 қаңтардағы № 3 бұйрығымен бекітілген.

2) Білім беру саласындағы СБШ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы әлеуметтік серіктестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу салалық үшжақты комиссиясының 2016 жылғы 23 қарашадағы №2 отырысының хаттамасымен бекітілген.